

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLMS3361>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RCOP5989>***С. А. Жиренов, А. С. Сманова, Қ. М. Бекболатова**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗІРГІ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ МАЗМҰНЫ

Мақалада қазақтың ұлттық мәдениетінің көрсеткіші саналатын ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктердің болмыс-бітімі, мағыналық-мазмұнының тіл арқылы таңбаланып, тіл арқылы мәдени-танымдық семантикасының ашылатындығы жаңа лингвистикалық бағыттардың негізінде қарастырылады. Осымен байланысты ұлттық болмыс пен мәдени-танымды бойына сіңірген ұлттық өнер туындыларының дүние сырын бейнелейтін этнографиялық мазмұнына ерекше назар аударылады. Зерттеу материалында қазіргі ұлттық қолөнердегі лингвомәдени элементтердің ұлттық нақыштағы берілуінің лингвистикалық түсіндірмесі жасалып, антропологистикалық бағыт аясындағы этностың өзіндік болмысы мен бейнесін «тіл әлемі» арқылы ғана танытатын лингвомәдени талдау жұмыстары теориялық және практикалық тұрғыда жасалған. Ұлт мәдениетінің көрсеткіші ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктердің мазмұнын дәйектейтін этнолексикалық бірліктердің мағыналық-мазмұнына терең үңілу олардың мәдени-танымдық деректер ретінде семантикасы көрсетіледі. Жұмыстың қорытынды бөлімінде, тіл мен мәдениеттің, материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығы, ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктердің салт-дәстүрдегі, дүниетанымдағы көрінісі лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық талдаулар арқылы сараланып, лингвомәдени бірліктердің этнографиялық негіздері, уәжді белгілері сараланады.

Кілтті сөздер: этнос, тіл, ұлттық өнер, этнография, этнолексика, лингвомәдени бірлік, мәдениет, т.б.

Кіріспе

Бүгінгі таңдағы ұлттық қолөнерді зерттеу мәселесі өнертанушылардың, этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың, саяхатшылардың, мәдениеттанушылардың, коллекционерлердің ғана жұмысы емес, жалпы өнер туындысына құштар, эстетикалық әлемді тани білетін зерттеушілердің де назарынан тыс қалған емес. Өнер – этностың рухани және материалдық мәдениетінің көрсеткіші саналады. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық өнердің орны әр кезде құнды да бағалы. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық өнерді зерттеу мәселесі арысы батыс еуропалық, берісі орыс зерттеушілерімен қатар, отандық ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі аспектіде қарастырыла бастады. Онда негізінен қазақ ұлттық өнерінің түрлері, шығармашылық табиғаты, дамуы мен қалыптасу ерекшеліктері аралуан еңбектерде көрініс тапты.

Қазақ мәдениетін қалыптастырудағы ұлттық өнердің қызметі мен оның әлеуметтік мазмұны жоғары. Ұлттық өнердің қоғамдағы орны мен рөлін айқындау бүгінгі күндері арнайы зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірінен саналады. Осы жағынан келгенде қазіргі заманауи ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктерді этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік аспектілерде қарау арқылы, өнердің көркемдік қуатын, эстетикалық қызметін, тұрмыстық қажеттілігін, тілдік қолданыстағы мазмұнын прагмалингвистикалық сипаты арқылы көрсетуге болады.

Қазақтың ұлттық қолөнеріне қатысты зерттеулер Ө. Марғұланның, Т. Бәсеновтің, С. Қасиманов, Б. Сарыбаев, Д. Шоқпаров, О. Бейсенбекұлы, Қ. Ахметжанов, Ө. Тәжімұратов, Х. Арғынбаев, Ө. Жәнібеков, С. Мұқанов, М. Мұқанов, Ө. Ысқаққызы, А. Құралұлы, Б. Кемалашұлы, А. Нәлібаев, т.б. этнографтар мен өнертанушы ғалымдардың еңбектерінде аралуан аспектіде қарастырылса, лингвистикалық сипаты Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Н. Уәли, Р. Шойбеков, А. Тұрышев, А. Ока, Ө. Алмауытова, А. Сейілхан, Ш. Елемесова, А. Мұқатаева, Қ. Қайырбаева, М. Ш. Өмірбекова, Т. Б. Жаубасованың, А. А. Әлімжанова, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде біршама қарастырылған.

Зерттеу нысаны. Қазіргі заманауи ұлттық қолөнердегі лингвомәдени бірліктердің мәдени-танымдық семантикасы мен мағыналық мазмұнын ашу.

Зерттеудің пәні. Лингвомәдениеттану, этнолингвистика, өнертану.

Зерттеудің мақсаты. Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлі және заманауи ұлттық қолөнер туындылары табиғатындағы материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын көрсететін лингвомәдени бірліктердің танымдық семантикасы мен мағыналық-мазмұнын көрсету. Қазақ ұлттық қолөнеріндегі лингвомәдени бірліктерге қатысты ұғым-түсініктердің этнолингвистикалық табиғатын, олардың тілдік жүйедегі орнын, ұлттық қолөнер туындыларының болмыс-бітімін лингвомәдени жүйе негізінде анықтау.

Зерттеудің міндеттері.

– қазіргі ұлттық колөнерге қатысты лингвомәдени бірліктердің зерттелу тарихы мен қазіргі бағыт-бағдарына шолу жасау;

– ұлттық колөнерге қатысты лингвомәдени бірліктердің мәдени-танымдық семантикасын, тақырыптық топтарына этнолингвистикалық түсінік беру;

– ұлттық колөнер туындыларының тұрмыстық және рухани мәдениеттегі орны мен этномәдени уәждерін, лингвомәдени жүйесін тілдік деректер негізінде айқындау.

Зерттеудің әдістері. Қазіргі ұлттық колөнердегі лингвомәдени бірліктердің мәдени-танымдық семантикасы лингвистикалық аспектіде талдау барысында, сұрыптау, жүйелеу, лингвомәдени талдау тәсілдері, атаулардың мағыналық өрісін анықтауда лексика-семантикалық талдау, диахронды-синхронды сипаттама, этнолингвистикалық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің нәтижелері. Этнос болмысы мен дүниетанымын тек тілдік деректермен ғана емес, ұлт мәдениетінің көрсеткіші ұлттық колөнерінің түрлері мен болмысынан да анықтауға болады. Яғни, экстралингвистикалық факторлар колөнер туындылары рухани және материалдық құндылықтар арқылы да этностың мәдениетін, дүниетанымын, этнографиясын, тұрмыс-тіршілігін көрсетуге болады. Этнос мәдениетіне тән ұлттық колөнер үлгілері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, күні бүгінге дейін өзінің құндылығы мен маңызын жоғалтқан емес. Бүгінгі таңдағы қазақ ұлттық колөнерінің қандай да бір түрі болмасын технократизмнің қарыштап дамығанына қарамастан, заманауи үлгіде жаңа түрде даму үстінде. Біз қазіргі ұлттық өнердің заманауи үлгілерін колөнерден, зергерлік өнерден, сәндік қолданбалы өнердің жаңашыл дизайнердарынан байқауымызға болады.

Ұлттық мәдениеттегі өнердің өлмеуіне, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына, мыңжылдықтардың сабақтастығының сақталуына өнерпаздардың орны ерекше. «Ұлттық мәдениетіміздің тарихында ұсталық, зергерлік өнері ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгілерінен саналатын зергерлік өнері (өйткені көп жағдайда зергерлер - бірнеше өнерді қатар меңгерген, әмбебап шеберлер, бесасап адамдар) халқымыздың өткен дәуірлердегі материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді» [1, 14 б.]. Ұлттық өнердің үлгілері өнерпаздардың, ұсталардың, зергерлердің, ісмерлердің туындылары арқылы бүгінге жетіп, ұлттық мәдениеттің сақталуына өзіндік ықпал етуде. Ұлттық өнердің ұлық болмысын көрсетудің бірден-бір тетігі ретінде тілдік мүмкіндікті, тілдің танымдық және өміршендік қызметінен көруге болады. Ұлттық өнердің ұлық болмысы тілде сақталып, тіл арқылы бүгіндей болмысы көрсетіледі.

Тілде сақталған көптеген ұлттық өнер түрлері атауларының астарында этнографиялық мән, лингвомәдени мазмұн жататындығы белгілі. Мәселен қазіргі уақыттағы заманауи ұлттық қолөнердің әралуан түрлері мен атаулары арқылы ұлт мәдениетін тануға болады. Қазіргі заманауи ұлттық өнердің үлгілерін қолөнер бұйымдарынан, зергерлік туындылардан, киім-кешек түрлерінен көптеп кездестіруге болады. Кез келген ұлттық өнердің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа табысталады. Яғни, ұлттық өнер туындыларының табиғатында «ұлттық рухтың» элементі сақталады. Біз осы шағын зерттеу мақаламызда қазіргі ұлттық қолөнер туындыларындағы ұлттық элементтің тіл арқылы таңбаланған үлгілерінің лингвомәдени мазмұнына қысқаша сипаттама жасауды жөн көрдік.

Қазақтың ұлттық мәдениетінде қолөнер үлгілері кең тараған. Ұлттық «қолөнердің түрлері – қазақ топырағында дүниеге келген, ұлттық ерекшелікті бойына сақтаған нағыз қазақы, байырғы өнер. Халық арасынан шыққан шеберлер өз жеріміздің табиғи байлығын өңдеуді игеріп, оларды тиімді пайдалана отырып теріден, ағаштан, сүйектен, мүйізден, тас пен құмнан, саздан, темірден шаруашылық және тұрмыстық құрал-жабдықтарын, сонымен бірге оларды асыл тастармен, алтынмен, күміспен әшекейлеуді және асыл металдар мен тастардың өзінен зергерлік әшекейлер жасауды жоғары дәрежеде меңгеріп, көпшіліктің сұранысын, шаруашылық, тұрмыстық қажетін қанағаттандырып отырған. Өнер иелері тапсырыспен жұмыс істеген. Сондықтан алыс шетелдерден әкелінген заттар күнделікті тұрмыста сирек кездескен» [1, 10 б.]. Қазақтың ұлттық қолөнер туындылары тұрмыстық мәдениеттегі заттық дерек, материалдық туынды ғана емес, тілдік дерек, рухани мұра саналады. Тұрмыстық мәдениетте жиі тұтынатын қолөнер туындыларына: *көз моншақ, үкіаяқ, жыланбас, сәукеле, жыға, көзотаға, шоқ белбеу, алтын айдар, кісе белбеу, бау-басқұр, алаша, кілем, аяққап, кесте, астау, торсық, кесе, т.б.* қолөнер түрлері күні бүгінге дейін тұрмыстық қажеттілікті өтейтін ұлттық өнердің тамаша туындылары болып табылады.

Бүгінгі таңдағы заманауи ұлттық өнер туындылары ертедегі тұрмыстық қажеттіліктегі қызметін күні бүгінге дейін атқарып келе жатса, енді біреулері сувинерлік мәнге ауысып экзотикалық түрге енгендігі де белгілі. Күнделікті тұрмыстық өмірде *көз моншақ, сәукеле, жыға, шоқ белбеу, алтын айдар, кісе белбеу, алаша, кілем, аяққап, кесте, астау, кесе, т.б.* түрлері заманауи үлгіде технологиялық өңдеуден өтіп, жаңа дизайнмен әдіптеліп, тұрмыстық қолданыста қажеттілікті өтеп жүр.

Бүгінгі тұрмыстық өмірдегі *көз моншақ, үкі аяқ* немесе *үкі қауырсыны* этнос мәдениеті мен дүниетанымында адам баласын сыртқы күштерден, тіл-көзден, қауіп-қатерден сақтайтын тұмар секілді қызмет атқарады. Ерте заманда

да, бүгінгі күні де *көз моншақ, үкі аяқ, үкі қауырсыны* жас балалардың бас киіміне, кейде үлкен кісілердің өңіріне, домбыраға, бәйге атына, қыран бүркітке, автокөліктің салонына тағу үрдісі қалыптасқан. Бүгінгі таңдағы *көз моншақ, үкі аяқ, үкі қауырсыны* мәдени тұрғыдан екі түрлі қызмет атқаратындығын байқауға болады. Оның біріншісі, әлбетте ықпал замандардан бері келе жатқан «сыртқы күштерден қорғау» (*тілі жаманның тілінен, көзі жаманның көзінен, сұқ көздің сұғынан, көз тиюден, сөз тиюден, бәле-жаладан, т.б.*) қызметін атқарса, екіншісі, көркемдікті паш ету, эстетикалық әсер ету, сәндік мақсатта әртүрлі заманауи дизайндық үлгіде қызмет атқарып жүр. Мұндай қолөнер туындыларын заттық мәдениет ретінде ғана қабылдап қоюға болмайды, сол заттың яки символдың астарында этностың мәдени танымдық кодының бұғып жатқандығын байқауға болады. Ал сол заттық мәдениеттің астарындағы кодын тіл арқылы ашып, лингвомәдени мәнін мазмұндап, тіл арқылы түсінігін тарқатып, қызметін көрсетіп беруге болады. Мәселен *көз моншақты* көп жағдайда жас балаларға тағады. Өйткені жас баланың сырт көзді, жағымсыз энергияны қайтаратын иммунитеті әлі қалыптаспағандықтан, *көз моншақ* сол жаман энергияны тарқатушы қызмет атқарады. *Көз моншақты* егде тартқан үлкен адамдар тақпайды. Ал бұл дегеніміз *көз моншақты* тағу жас ерекшелікті білдіретін қызметті де атқаратындығын көрсетеді. *Көз моншақ* таққан балаға ел ішіндегі есті жұрт «көзім өтіп кетпесін деп» көзін қадам, тіке қарамаған. Бар болғаны «атасының жаман баласы» деп, ескерусіз коннотаттық мәндегі сөзді қолданған. Мұндай үрдісті тілдегі лингвомәдени бірліктердің дискурстық қолданысынан, прагматикалық мәнінен, этномәдени қызметінен көруге болады. Сол секілді *үкі аяқ немесе үкі қауырсынын тағу* үрдісі де жас балаларға, ел алдына шығып өнер көрсететін өнерпаздарға, көзге бірден түсетін қыран бүркіт, жүйрік ат, домбыра, автокөлікке тағу мәдениетінің астарында сыртқы жағымсыз энергиядан қорғану түсінігімен бірге, сәндік, әшекейлік қызметті қатар атқарады.

«Қазақтың ұлттық киімдерінің қай түрін алсақ та, оның өн бойында өзіне ғана тән эстетикалық, этикалық талғамы мен рухани ерекшеліктері көрініс тапқан. Сондай-ақ сәні мен салтанаты жарасқан ұлттық киімдеріміздегі эстетикалық мәнділікті мынадай тілдік және этнографиялық деректерімізден көре аламыз. Қазақ әйелдері бас киімінің ішінде ең көріктісі де, ең ежелгілерінің бірі, көп әшекейлі, қымбат бағалы, қалыңдық киімінің салтанаттысы болып табылатын – сәукеле. Сәукеленің өн бойына зергерлік әшекейлер мен асыл тастар қадағанда, тіл көзден сақтау үшін, ал, өте биік бас киім - қыз мәртебесін асқақтатып, қазақтардың дүниетанымының жоғары екенін танытқан» [2, 71–72 б.]. «Бұдан екі үш мыңжыл бұрын жасалса бастаған сәукелені той салтанаты кезінде тек қалыңдық, жас келіншектер ғана киген. Сол секілді *жыға, көзотаға, шоқ белбеу, алтын айдар т.б.* деп аталатын

әшекейлер мен бұйымдар адамдардың әлеуметтік жіктелісін, байлықты, батырлықты, билікті білдірсе, белбеулер (мысалы кісе белбеу), негізінде, иесінің жолаушы яки аңшы, батыр екендігіне меңзеген» [1, 17–18 б.]. Сонымен «сәукеле – ұзатылатын қыз-қалыңдық қана киетін ғұрыптық бас киім. Оның сом күмістен кұйылған төбесіне үкі тағылып, маңдайына жақұт қондырылады. Өне-бойы алтын, күміс сияқты қымбат металдармен өрнектеліп, ақық, маржан, гауһар сияқты асыл тастармен безендіріледі. Екі шекесіне моншақтан салпыншақ өріледі, төбесінен жерге дейін төгілген ақ желек жабылады. Сәукелені ұзатылатын қызға арнап шеберлерге дайындаттырады. Оның бағасы өте қымбат, мәселен, жүз жылқыға дейін барабар болған. Сәукелені қалыңдық ұзатылған күннен бастап бір жылға дейін ғана киеді» [3]. Этнос мәдениетіндегі киім кию үлгілерінің өзіндік үлкен мәдени мәні жоғары, мазмұны сырға толы бірлік саналады. Киім тігу бұрында үлкен өнер саналса, бүгінде сол мәнділігін күшейтіп, заманауи үлгідегі ұлттық дизайнермен көмкеріліп, тұрмыстық мәдениетте әртүрлі дәрежеде қолданыста жүр.

Қазақ ұлттық өнерінің туындылары қандайда болмасын заттық атауға ие. Ал сол заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сол заттың бүтіндей лингвомәдени болмысын танытады. Ал тілдегі тану, яки танытудың ар жағында белгілі бір этностың мәдениетін, дүниетанымын, өнерін, тұрмыс-тіршілігін көрсетеді. Қазақ тіліндегі заттық мәдениет атауларын зерттеген ғалым Ж.Манкеева: «Заттық мәдениет лексикасы – ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық негізіне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика-семантикалық категория ретінде, кумулятивтік қызметі негізінде сақталған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары» деген түйін жасайды. Яғни, тұрмыстық мәдениеттегі қолданыста жүрген заттың қай-қайсысының болмасын өзіндік лингвомәдени мәнінің болатындығын көрсетеді [4, 13 б.].

Қазақ халқының ұлттық колөнеріне тән қалыптасқан, салт-дәстүрлер мен жол-жоралғылар, тілдік деректер, мифологиялық түсініктер тілде көптеп сақталған. Мәселен, тері, жүн, мата сияқты материалдардан жасалатын тұрмыстық яки сәндік бұйым түрлері көп кездеседі. Теріден жасалған бұйым атаулары: *тулақ, кебежеқап, тізеқап, тайтері, бөстек, көрпе, жержастық, тайжақы, тон, ішік, шалбар, желетке, кеудеше, жеңсе, алишалғы, тымақ, құлақшын, бөрік, алдаспан бауы, айыл, ноқта, жүген, адырна, бау, баулық, белдік, божы, желдік, желкелік, тебінгі, т.б.* колөнер туындылары теріден жасалып, табиғи материал ретінде кеңінен қолданылған. Алайда аталған бұйымдардың барлығы бүгінге тұрмыстық өмірде қолданыста бар деп айтуға келмейді. Олардың бірсыпырасы тілдік дерек ретінде сақталғанымен,

өндірісте өнім ретінде пайдаланылмайды. Әрине оның себебі бұрынғы тұрмыстық өмірмен, қазіргі тұрмыстық қажеттіліктердің үлкен өзгеріске түскенімен байланыстыруға болады. Жоғарыда көрсетілген мысалдардың бәріне толықтай лингвомәдени түсініктеме беру бір мақаланың көлемі көтермесі белгілі. Алайда тілдегі «*Ер арыса аруақ, ат арыса тулақ*» деген паремия құрамындағы «**Тулақ** деп тайдың терісін шикідей керіп кептірген төсенішті айтады. Сондықтан оны тайтері деп те атай береді. Терінің майын алған соң, оны тегіс жерге, тақтайға керіп, шегелеп тастайды. Көлеңкеде кептіріп алған соң оның үстіне **бөстек, көрпе, жержастық** аталатын бұйымдарды салып, төсеніш ретінде пайдаланады» [5, 8 б.]. Ал бұл күндері аталған бұйымдар тұрмыстық өмірде кездесе бермейді. Жоғарыдағы паремияның астарындағы тулақтың негізгі атауы төсеніш болса, аттың арыса тулаққа айналуы, басқа түскен бейнет, ауыр азап, өтпелі өмір, баянсыз тірлік ерді – аруаққа, атты – тулаққа айналдыратындығын көрсетеді.

Қазақтың ұлттық қолөнерінің біріне тоқымашылық өнерді жатқызамыз. Тілдегі тоқыма бұйым атауларына: *алаша, құр, шекпен, кілем, басқұр, құр белбеу, құр дорба, құр басжіп, құр аяққап, құр қоржын, құр алаша, т.б.* түрлерін жатқызуға болады. Тоқыма өнері ел ішінде үзілмей, күні бүгінге дейін дәстүрлі жолын сақтап келе жатқандығын байқауға болады. Мәселен тоқыма өнеріне қатысты көптеген көрмелер, көптеген көрсетілімдер мен этнодизайнмен әдіптелген бұйымдардың қолданыста жүргендігінен көруге болады. Тоқыма бұйымдардың ішіндегі айтулысы шекпен десек, шекпеннің өзінің *түйе жүн шекпен, биязы шекпен, таңдай шекпен, қой жүні шекпен, шидем шекпен, су шекпен, бояулы шекпен, шым шекпен, түбіт шекпен, ала шекпен, ақ шекпен, әр шекпен, т.б.* деген көптеген түрлері ел ішінде кең тараған. «**Шекпен** – жүннен тоқылатын сырт киім. Шекпен тек қана түйе жүнінен тоқылады. Күзеп алынған түйе жүнін шаң-тозаңынан арылтып, одан соң қолмен майдалан түтеді де, шүйке жасайды. Шүйкеленген жүнді ұршықпен иіреді. Шекпен тоқитын жіп өте жіңішке болады. Иірілген жіпті екі ағаштың арасынан ыспалап өткізіп, оның буылтықтарын кетіріп қайта өңдейді. Шекпен де терме бау тоқитын өрмекпен тоқылады. Тоқылып болған кездемені кәдімгі матадан киім пішкендей етіп өлшеп, шекпен пішеді. Шекпенді жазда киеді. Оған қара барқыттан не болмаса басқа тыстық матадан қаптал жаға (дөңгелек жалпақ жаға) салып, етек жеңін сондай матамен көмкеріп әдіптейді. Шекпеннің ең әдемі түрін «Шидем шекпен» дейді. Шидем шекпен тайлақтың жүнінен тоқылады. Тайлақтың жүні әрі майда, әрі жеңіл болатындықтан, одан тоқылған шекпен де әдемі болып шығады. Шекпен су өткізбейді. Сондықтан ол әрі сулық, әрі жайшылықта кие беруге жарамды бес аспап киім. Су тиген сайын шекпен шириғын қалындай түседі. Шекпеннің тағы бір артықшылығы ол таза түйе жүнінен тоқылатындықтан

аса мықты болады, ұзақ киіледі» [6]. Шекпен этнос мәдениетіндегі материалдық құндылықты, әлеуметтік ерекшелікті, дәстүрлі мәдениетті көрсетеді. Ал мұндай ерекшеліктерді шекпенге қатысты қалыптасқан «Шенді-шекпен», «Шекпен (шапан) жабу», «Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейтіп орыстың шенді шекпен жапқанға» (Абай), «Күні киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын» (Мұқағали) деген тілдік деректерден көруге болады. Шекпеннің бүгінгі таңда заманауи үлгіде тігіліп, тұрмыстық өмірде, салт-дәстүрде, театр және кино саласында, жол-жоралғыда, жаңаша қолданыста жүргендігін күнделікті өмірде жиі кездестіруге болады.

Қорытынды

Жалпы қазақ мәдениетіндегі ұлттық қолөнер туындыларының түрлері қаншалықты көп болса, соншалықты деңгейде, әралуан аспектіде зерттеліп, көптеген ойға арқау болып, алуан түрлі қорытындылар мен тұжырымдарға таяныш болғандығын байқауға болады. Қазақ тіліндегі ұлттық қолөнер туындыларына қатысты лингвомәдени бірліктер күрделі категория болғандықтан оларды лингвистикалық аспектіде зерттеу жеткіліксіз. Себебі қолөнер туындылары әралуан экстралингвистикалық факторлармен сабақтасып, этноқауымдастық өкілінің санасында халықтың ғасырлар бойғы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін, этнологиясын, шаруашылығын, дүниетанымын, өндірістік әлеуеті туралы ақпараттар жинақталған дүниелік білімдер жүйесін құрайды.

Тұрмыстық өмірдегі қоғамның, ұлттық қолөнер түрлерінің дамуымен қатар тілдік жүйенің дамуы табиғи құбылыс. Қоғамдық өмір мен өндірістегі болып жатқан заманауи өзгерістер тілде өзіндік үлгіде таңбаланып, лингвомәдени үлгіде өзіндік із қалдырары сөзсіз. Осыған байланысты ұлттық өнердегі лингвомәдени бірліктер әрқашан зерттеушілер назарын өзіне аударып, дәстүрлі өнер туындылары заманауи үлгіде өңделген сайын, тілдік семантикалық мазмұнының да байып, жаңа мәдени мәнділікке ие болары анық. Этностың дәстүрлі және заманауи қолөнеріне қатысты лингвомәдени бірліктердің мазмұнына зер салып қарағанда, олардың мәдени-танымдық астарында этностың бүтіндей тұрмыстық мәдениетінің болмысы, дүниетанымы, этнологиясы, өнері, өндірісі, өнімінің ұлттық ерекшелігі тіл арқылы таңбаланып, «тіл мен мәдениеттің біртұтастығына» негізделген әлем бейнесін көруге болады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Шойбеков, Р. Н.** Қазақ тілінің қолөнер лексикасы. Филол.ғыл.док. ... дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2006. – 308 б.
- 2 **Алмауытова, Ә. Б.** Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Филол.ғыл.канд. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2004. – 130 б.
3 <https://bilim-all.kz/> [Электронды ресурс].
- 4 **Манкеева, Ж. А.** Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы : Ғылым, 1997. – 272 б.
- 5 **Әлімжанова, А. А.** Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Автореферат. филол. ғыл. канд., – Алматы, 2008. – 38 б.
6 <https://kk.wikipedia.org/> [Электронды ресурс].
- 7 **Арғынбаев, Х.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы : Өнер, 1987. – 128 б.
- 8 **Қасиманов, С.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы : Қазақстан, 1969. – 248 б.
- 9 **Жанпейісов, Е.** Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М. Ауезова). – Алма-Ата : Наука, 1989. – 256 с.
- 10 **Уәлиұлы, Н.** Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2000. – № 1.

References

- 1 **Shoibekov, R. N.** Kazak tilinin koloner leksikasy. [Craft vocabulary of the Kazakh language] Filol.gyl.dok. ... diss. koljazybasy [Ph.D. ... diss. manuscript]. – Almaty, 2006. – 308 p. [in Kazakh].
- 2 **Almaytova, A. B.** Kazak tilindegi kiim ataylarynyn etnolingvistikalyy tabigaty [Ethnolinguistic nature of clothing names in the Kazakh language]. Filol. gyl.kand. diss. koljazybasy. [Candidate of Philological Sciences diss. manuscript]. – Almaty, 2004. – 130 p. [in Kazakh].
3 <https://bilim-all.kz/> [Electronic resource].
- 4 **Mankeeva, J. A.** Madeni leksikanyn ulattyk sipaty [National character of cultural vocabulary]. – Almaty : Gylm, 1997. – 272 p. [in Kazakh].
- 5 **Alimjanova, A. A.** Kazak tilindegi aiel kolonerine bailanysty halyktyk leksikanyn etnolingvistikalyyk sipaty [Ethnolinguistic character of folk vocabulary related to women’s crafts in the Kazakh language]. Aftoreferat. filol. gyl. kand. [Author’s abstract. phylool. science cand.]. – Almaty, 2008. – 38 p. [in Kazakh].
6 <https://kk.wikipedia.org/> [Electronic resource].

7 **Argynbaev, H.** Kazak halkynyn koloneri [Crafts of the Kazakh people]. – Almaty : Oner, 1987. – 128 p. [in Kazakh].

8 **Kasimanov, S.** Kazak halkynyn koloneri [Crafts of the Kazakh people]. – Almaty : Kazakstan, 1969. – 248 p. [in Kazakh].

9 **Janpeisov, E.** Etnokulturnaya leksika kazahskogo yazyka (na materialah proizvedeni M.Ayezova) [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language (on the materials of M. Auevov's works)]. – Alma-Ata : Nayka, 1989. [in Russian].

10 **Yaliuly, N.** Keibir etnografızmderdin leksika-semantikalyk aiasy // Ult tagylymy [Lexical and semantic framework of some ethnographies//Ult tagylymy]. – Almaty, 2000. – № 1 [in Kazakh].

Материал 08.09.21.

*С. А. Жиренов, А. С. Сманова, Қ. М. Бекболатова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 08.09.21.

СЕМАНТИКА ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫХ ЕДИНИЦ В СОВРЕМЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ

В статье на основе новых лингвистических направлений рассматриваются лингвокультурные единицы в национальном искусстве, их смысловое содержание, культурно-познавательная семантика языковых единиц, которые являются показателем национальной культуры казахов. В связи с этим особое внимание уделяется содержанию этнографии, отражающей мир произведений национального искусства, сформировавших национальную идентичность и культурно-познавательный характер нации. На материале исследования разработан национальный образ, лингвистическая интерпретация лингвокультурных элементов в современном национальном искусстве. В рамках антропологического направления в теоретическом и практическом плане проанализированы лингвокультурологические работы, отражающие самобытность этноса через «мир языка». Показатель национальной культуры отражает содержание лингвокультурных единиц в национальном искусстве. Углубившись в смысловое содержание этнолексических единиц, можно выявить их культурно-познавательные данные, семантику национального символа. В заключительной части работы анализируется преемственность

языка и культуры, материальной и духовной культуры, отражение лингвокультурных единиц в национальном искусстве в традициях, мировоззрении с помощью лингвокультурологического, этнолингвистического анализа, дифференцируются этнографические основы, мотивационные признаки лингвокультурных единиц.

Ключевые слова: этнос, язык, национальное искусство, этнография, этнолектика, лингвокультурологическая языковая единица, культура и др.

*S. A. Zhirenov, A. S. Smanova, K. M. Bekbolatova

Abay Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 08.09.21.

SEMANTICS OF LINGUISTIC AND CULTURAL UNITS IN CONTEMPORARY NATIONAL ART

The article considers linguistic and cultural units in the national art, their semantic content, cultural and cognitive semantics of language units, which are an indicator of the national culture of the Kazakhs, based on new linguistic directions. In this regard, special attention is paid to the content of ethnography, reflecting the world of works of a national art that have formed the national identity and cultural and educational character of the nation. Based on the material of the research, the national image, linguistic interpretation of linguistic and cultural elements in modern national art is developed. Within the framework of the anthropolinguistic direction, linguoculturological works reflecting the identity of an ethnic group through the «world of language» are analyzed in theoretical and practical terms. The indicator of national culture reflects the content of linguistic and cultural units in the national art. Delving into the semantic content of ethnolexic units, it is possible to identify their cultural and cognitive data, the semantics of the national symbol. The final part of the work analyzes the continuity of language and culture, material and spiritual culture, the reflection of linguistic and cultural units in national art in traditions, a worldview with the help of linguistic and cultural, ethnolinguistic analysis, differentiates ethnographic bases, motivational features of linguistic and cultural units.

Keywords: ethnicity, language, national art, Ethnography, ethnolexic, linguistic and cultural language unit, culture, etc.

Теруге 08.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 28.09.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
1,21 Mb RAM
Шартты баспа табағы 8,86. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Байниқенова
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3818

Сдано в набор 08.09.2021 г. Подписано в печать 28.09.2021 г.
Электронное издание
1,21 Mb RAM
Усл. печ. л. 8,86. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Байниқенова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3818

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов қ., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz